

Хаттама №6

Өткізілген күні: 02.03.2026 жыл

Қатысқандар: 22

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы.
2. Көктем мезгілінде баланың өмірімен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқаулықпен таныстыру.
3. Наурыз айында өткізілетін мерекелерге дайындық, педагогикалық жұмыс, музыка залын безендіру, топтар, дәліздер.
4. Ертеңгіліктер кестесі мен сенарилерді бекіту.
5. I тоқсан бойынша балалардың сырқаттану жөніндегі көрсеткіш қорытындысы.

Тыңдалды:

Өткен кеңестің шешімі бойынша мектепалды топ тәрбиеленушілерінің оқу жылы соңындағы білім, білік, дағдылары бақылау, мониторинг және диагностика нәтижелері арқылы сарапталды. Қорытынды бойынша балалардың танымдық, тілдік, әлеуметтік және психологиялық дайындығы талапқа сай екені анықталды.

Балалардың басым бөлігі әріп танып, буындап оқуға, қарапайым математикалық есептер шығаруға, өз ойын еркін жеткізуге машықтанған. Ұжымдық және жеке жұмыстар жүйелі жүргізіліп, ата-аналармен байланыс тұрақты ұйымдастырылды. Ата-аналар мен педагогтер арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері талданып, сараптама жасалды. Сауалнама барысында анықталған ұсыныстар мен пікірлер мекеме жұмысының жылдық жоспарына енгізілді.

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі А.Е. Карабалина күн тәртібі бойынша сөз алып, көктем мезгілінде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында қауіпсіздік шараларын күшейту қажеттігін атап өтті.

Көктем мезгілінде болатын қауіптер:

Мұздың еруі, тайғақ жолдар;

Су тасқыны қаупі;

Ашық терезелер мен желдету кезіндегі қауіпсіздік;

Жәндіктерден (кене, маса) қорғану;

Маусымдық жұқпалы аурулардың алдын алу;

Серуен кезіндегі қауіпсіздік ережелері.

Педагогтарға балалармен қауіпсіздік туралы әңгімелер, түсіндіру жұмыстарын жүргізу, ата-аналарға жадынамалар тарату, серуен кезінде қатаң бақылау жүргізу қажеттігі айтылды.

Тыңдалды:

Күн тәртібі бойынша балабақша меңгерушісі А.Е. Карабалина сөз алып, Наурыз мерекесінің тәрбиелік маңыздылығына тоқталды. Ұлттық құндылықтарды насихаттау, балаларға салт-дәстүрлерді таныстыру, көріністер мен ұлттық ойындарды ұйымдастыру қажеттігі айтылды. Музыка залын, топтарды, дәлізді мерекеге сай безендіру жұмыстарын тапсырды.

Сөз сөйледі: Музыка жетекшісі З. М. Жоламанова мерекелік сценарийлердің мазмұны, ән-билерді іріктеу, балалардың жас ерекшеліктеріне сай бағдарламаны дайындау жөнінде ақпарат берді.

4.Сөз сөйледі: Әдіскер Г.Ж. Ниетбаева алдағы өтетін ертеңгіліктердің өткізілу кестесін таныстырды. Әр топтың қатысу уақыты, жауапты педагогтер және дайындық мерзімдері айтылды.

Тыңдалды: Медбике З.Т. Бурханова I тоқсан бойынша балалардың сырқаттану көрсеткіштеріне талдау жасады.

Ауру түрлері, жиі кездескен сырқаттар (ЖРВИ, тұмау және т.б.), топтар бойынша көрсеткіштер және өткен тоқсанмен салыстырмалы талдау ұсынылды.

Сырқаттанудың негізгі себептері:

Маусымдық өзгерістер;

Иммунитеттің төмендеуі;

Ата-аналардың балаларды толық жазылмай балабақшаға әкелуі.

Алдын алу шаралары ретінде:

Таңертеңгі сүзгінің күшейтілуі;



Дәрумендендіру;

Желдету режимін сақтау;

Тазалық шараларын қадағалау ұсынылды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Серуен барысында балалардың қауіпсіздігіне жауапкершілік күшейтілсін.
2. Наурыз мерекесіне дайындық жоспары бекітілсін.
3. Ертеңгіліктердің өткізілу кестесі бекітілсін.
4. Тәрбиешілер ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын тұрақты жүргізісін.

Төрайым:  А.Е. Карабалина
Хатшы:  Г.Ж. Ниетбаева